

Г.А. Пазиров*, Д.А. Жошибаева, Ш.Р. Нурматов
PhD, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
PhD докторант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
Магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
***Корреспондент авторы:** pgalimjan@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Түйін

Мақалада еліміздегі ауыл шаруашылығы саласын қаржыландырудың ағымдағы жағдайы, мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған түрлі қолдау шаралары, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы қарастырылған. Зерттеу нәтижелері бойынша мемлекет тарапынан түрлі қолдау шаралары жүзеге асырылып, жылдан-жылға қаржыландыру көлемі артып отырғанымен ауыл шаруашылығы саласы айтарлықтай тұрақты өсімді көрсете алмай отырғандығы айқындалды. Сондықтан авторлар отандық ауылшаруашылығы саласының тиімділігін арттыру үшін заманауи технологияларды енгізу, ауылшаруашылығы кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін арттыру, саланы барынша цифрландыру қажеттігін ұсынып отыр. Әсіресе қаржыландыру саласын цифрландыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыруды цифрландыру фермерлер мен агробизнес өкілдеріне қаржы ресурстарын, яғни несие, субсидия, сақтандыру, грант және т.б. сандық технологиялар арқылы тиімді, ашық және жылдам қол жетімділігін қамтамасыз ететін болады. Зерттеуде талдау мен синтездеудің жалпы ғылыми әдістері, ғылыми зерттеулер нәтижелерін жалпылау, салыстыру, сараптамалық бағалау әдістері қолданылды. Нәтиже – ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыруды цифрландыру қысқа мерзімді айтарлықтай қомақты табыс әкелмегенімен, ұзақ мерзімде өзінің тиімділігін көрсетіп, отандық ауыл шаруашылығы саласын дамытуға оң ықпал ететін болады.

Кілттік сөздер: цифрландыру, қаржыландыру, ауыл шаруашылығы, азық-түлік, цифрлық сақтандыру, онлайн субсидиялау, қаржылық сауаттылық.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы экономиканың стратегиялық маңызды салаларының бірі болып табылады. Елдің азық-түлік қауіпсіздігі, ауылдық аумақтардың тұрақты дамуы және халықтың әл-ауқаты тікелей осы саланың даму деңгейіне байланысты. Сондықтан ауыл шаруашылығы мемлекет назарында болып, оны қаржылық қолдау мен мемлекеттік саясат арқылы дамыту – ұлттық басымдықтардың бірі. Соңғы жылдары Қазақстанда ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыру көлемі едәуір артқанымен, тұрақты өсімді қамтамасыз ету және өндірістің тиімділігін көтеру мәселелері өзекті болып қалып отыр.

Ұлттық ауыл шаруашылығы саясаты кедейлік деңгейін төмендету, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өсімдік шаруашылығын дамыту және жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейту арқылы саланың тұрақты өсуіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Экономиканың нақты секторына қаржы тарту, инвестициялық ресурстарды тиімді пайдалану агроөнеркәсіптік кешеннің инновациялық дамуына және экспорттық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығын цифрландыру фермерлер мен агробизнес өкілдеріне қаржы ресурстарына қолжетімділікті арттыру, үдерістерді автоматтандыру, ашықтықты қамтамасыз ету және деректерге негізделген шешімдер қабылдауды жеңілдету мүмкіндіктерін береді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан Республикасының экономика салаларының ішінде қаржылық қолдауды қажет ететін саланың бірі ауыл шаруашылығы. Кез келген елдің азық-түлік қауіпсіздігі осы саланың даму деңгейіне тікелей байланысты, сондықтан да бұл сала біздің елімізде мемлекеттің басты

назарында. Бүгінгі таңда өзін-өзі қамтамасыз ете алатын ауыл шаруашылығын қалыптастыру – негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Ұлттық ауыл шаруашылығы саясаты жалпы алғанда кедейлік деңгейін төмендету және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өсімдік шаруашылығын дамыту мен жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейту арқылы ауыл шаруашылығының тұрақты өсуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған [1].

Экономиканың нақты секторына қаржы қаражатын тарту – қазіргі қазақстандық қоғамның ең басым міндеттерінің бірі. Қазақстан Республикасы әлемдік ауыл шаруашылығы өнімдері нарығында белгілі бір орын алады. 2024 жылы Қазақстан күнбағыс майын экспорттаушы әлемдегі жетекші он елдің қатарына кіріп, 8-орынды иеленді және болжамдар бойынша 6-орынға көтеріледі [2]. Қазақстан бидай өндіруден әлемде 14-ші орында [3].

Қазақстан агроөнеркәсіптік өнімдерінің экспорттық географиясын белсенді түрде кеңейтіп келеді. Соңғы бес жылда (2020–2024 жж.) АӨК өнімдерінің экспорты 51%-ға өсіп, 3,4 млрд доллардан 5,1 млрд долларға жетті және әлемнің 66 елін қамтыды. Сонымен қатар, экспорттың 52%-дан астамын қосылған құны бар өнімдер құрайды, бұл саладағы құрылымдық өзгерістердің бар екенін көрсетеді [4].

Елімізде ауыл шаруашылығы саласын қаржыландырудың негізгі көздері ретінде келесі шаруашылық жүргізуші субъектілер қызмет етеді: «ҚазАгро» холдингі» АҚ, екінші деңгейлі банктер, жеке лизингтік компаниялар, несиелік серіктестіктер, микроқаржылық ұйымдар және меншікті қаражаттар.

Аграрлық секторды жеткілікті қаржыландыру және оны ғылыми тұрғыдан зерделеу, сондай-ақ қаржылық ресурстарды тиімді пайдалану агроөнеркәсіптік кешеннің инновациялық дамуына, мемлекеттік қолдаудың тиімді стратегияларын әзірлеуге және жеке инвестицияларды тартуға ықпал ететін болады.


Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2025 жылдың 8 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажеттігіне ерекше мән беріп, «Қомақты қаражат бөлінуде, биыл шаруаларды қолдауға бір триллион теңге жұмсалды. Қажетті несиелер уақытында берілді. Мұндай ауқымды қолдау елімізде бұрын-соңды болмаған» деп атап өтті [5].

Соңғы жылдары мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыру көлемі артып келеді. Көктемгі егіс жұмыстарына арналған жеңілдетілген несиелеу көлемі алғаш рет 1 трлн теңгеге жетті. Төмен пайыздық мөлшерлеме (жылдық 5%) қаржылық жүктемені едәуір төмендетіп, фермерлерді қажетті ресурстармен уақытында қамтамасыз етеді. Соңғы 3 жылда минералды тыңайтқыштарды қолдану көлемі 0,7 млн тоннадан 1,8 млн тоннаға дейін өсіп, ғылыми негізделген қажеттіліктің 56%-ын қамтыды. Элиталық тұқымдардың үлесі де 11,5%-ға дейін артты, бұл ауыл шаруашылығы дақылдарының тұрақтылығын күшейтеді. Жеңілдетілген лизинг бағдарламаларының арқасында (2025 жылы бұл мақсатқа 250 млрд. теңге бөлінген) техника паркін жаңарту қарқыны 6,5%-ға жетті, ал екі жылдың ішінде техниканың тозу деңгейін 80%-дан 70%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік туды. Қазақстандық ауыл шаруашылығы машина жасау саласы осы сұранысқа жауап беріп, отандық тракторлар мен комбайндар нарығының шамамен 90%-ын қамтамасыз етіп отыр [2]. Негізгі құралдармен қатар, қолдаудың мамандандырылған бағдарламалары да іске асырылуда. «Ауыл аманаты» бағдарламасы кооперативтерді 2,5% мөлшерлемемен 5 жылға дейінгі мерзімге, соның ішінде өнімді қайта өңдеуді қамтитын несиелермен қамтамасыз етеді. «Кең дала» бағдарламасы 5% мөлшерлемемен қаржыландыру арқылы өндірушілер мен қайта өңдеушілерге бағытталған. «Агробизнес» бағдарламасы бюджет, Ұлттық қор және тартылған капитал ресурстары есебінен жаңғырту, құрылыс және айналым қаражатын толықтыру мүмкіндіктерін біріктіреді. Мұндай шаралар пакеті аграршыларға шаруашылықтың ерекшелігіне қарай ең тиімді жағдайларды таңдауға мүмкіндік береді.

ЭЫДҰ деректері бойынша, 2022–2024 жылдары Қазақстан фермерлерін мемлекеттік қолдау үлесі олардың жалпы табысының 10,8%-ын құрады. Бұл нарыққа бағытталған және нысаналы қолдау шараларына көшу үдерісін көрсетеді. Сонымен қатар, шағын

шаруашылықтар үшін лизингтік бағдарламаларға қолжетімділік әлі де шектеулі болып қалып отыр және оны одан әрі дамыту қажет [2].

Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы саласын жылдан-жылға қаржыландыру көлемін арттырып отырғанымен бүгінгі таңда отандық ауылшаруашылығы саласы жыл сайын тұрақты өсімді қамтамасыз ете алмай келеді (1-сурет).



Ескертпе – [6] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылды.

Сурет 1 - Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн. теңге

1-сурет мәліметтеріне сәйкес республика бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2020 жылы 6 334 668,8 млн. теңге болса, 2022 жылы оның көлемі 49,6%-ға өсіп 9 481 179,8 млн. теңгені құраған, ал 2023 жылы шығарылым көлемі біршама төмендеп 7 576 533,7 млн. теңгені құраған. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2024 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 31,2%-ға артып 8 310 976,7 млн. теңгені құраған.

Біздің ойымызша ауылшаруашылығы саласының тиімділігін арттыру үшін заманауи технологияларды енгізу, ауылшаруашылығы кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін арттыру, саланы барынша цифрландыру қажет деп есептейміз.

Қазақстан Республикасында цифрландыру қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалануда маңызды рөл атқарады. Цифрландыру ауыл шаруашылығының, жер мониторингінің, мемлекеттік бақылау мен жерді басқарудың мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді [7].

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығында ақпараттық технологияларды қолдану қажеттілігі айқын түсініліп отыр. Республикада ақпараттандырудың ең кең тараған түрі – жерлерге ғарыштық мониторинг жүргізу. Оның негізінде егіс алқаптарының ластану деңгейі, ауыл шаруашылығы дақылдарының нақты өнімділігі анықталып, пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлері айқындалады.

Әсіресе қаржыландыру саласын цифрландыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыруды цифрландыру бұл фермерлер мен агробизнес өкілдеріне қаржы ресурстарын (несие, субсидия, сақтандыру, грант) сандық технологиялар арқылы тиімді, ашық және жылдам жеткізу процесі.

Ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыруды цифрландыру арқылы фермерлер мен агробизнес өкілдері келесі мүмкіндіктерге ие болады:

- Қолжетімділікті арттыру: фермерлер онлайн платформалар арқылы несиеге, субсидияға өтінім бере алады, сондай-ақ, қашықтағы ауылдарда да қаржы қызметтері қолжетімді болады;

- Уақыт пен шығынды азайту: қағазбастылық қысқарады, өтінімдерді қарау автоматтандырылады, адам факторынан болатын кешігулер азаяды;

- Ашықтық пен әділдік: қаржы бөлу процесі цифрлық жүйеде тіркеледі, сыбайлас жемқорлық тәуекелі төмендейді, әр фермер өз өтінімінің мәртебесін көре алады;

- Деректерге негізделген шешімдер: жер көлемі, өнімділік, ауа райы, нарық бағасы сияқты деректер ескеріледі, банктер мен мемлекет тәуекелді дәлірек бағалай алады;

- Фермердің қаржылық сауаттылығын арттыру: мобильді қосымшалар мен платформалар арқылы кеңес, есеп, жоспарлау мүмкіндігі беріледі. Атап айтқанда, онлайн субсидиялау жүйелері, агро-несиелерге арналған мобильді қосымшалар, цифрлық сақтандыру (егінге, малға), blockchain арқылы өнім қозғалысын бақылау.

Ауылшаруашылығы саласын цифрландыру қысқа мерзімде табыстылықты бірден арттырмауы мүмкін [8], деген ұзақ мерзімді стратегияда өзінің тиімділігін көрсететін болады. Ауыл шаруашылығын қаржыландыруды цифрландыру саланың тиімділігін арттырып, фермерлердің мүмкіндігін кеңейтетін, ауыл экономикасының тұрақты дамуына жол ашатын маңызды қадам.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыруды цифрландыру агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды тетігі екенін көрсетеді. Мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы көлемінің айтарлықтай артуына қарамастан, ауыл шаруашылығы өндірісінің жыл сайын тұрақты өсім көрсете алмауы саланы басқару мен қаржыландыруда жана тәсілдерді енгізу қажеттігін дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық технологиялар дәстүрлі қаржыландыру механизмдерінің тиімділігін арттырып, мемлекеттік қолдаудың нақты әрі мақсатты жүзеге асырылуына мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығын қаржыландыруды цифрландыру фермерлер үшін қаржы ресурстарына қолжетімділікті кеңейтіп, әкімшілік кедергілерді азайтуға, уақыт пен шығынды үнемдеуге, сондай-ақ қаржылық шешімдердің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Жер мониторингі, ғарыштық бақылау, деректерге негізделген бағалау, онлайн субсидиялау мен цифрлық сақтандыру құралдары тәуекелдерді төмендетіп, өндіріс тиімділігін арттыруға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, цифрландыру ауыл шаруашылығы субъектілерінің қаржылық сауаттылығын арттырып, инновациялық белсенділігін күшейтеді, бұл өз кезегінде саланың бәсекеге қабілеттілігін және экспорттық әлеуетін нығайтады. Қысқа мерзімді кезеңде оның экономикалық әсері шектеулі болуы мүмкін болғанымен, ұзақ мерзімді перспективада ауыл шаруашылығын қаржыландыруды цифрландыру Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына және ұлттық экономиканың орнықты өсуіне ықпал ететін стратегиялық маңызды бағыт болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Маханова А.Б., Быкова О.Н., Смагулова Г.С. Государственное регулирование и поддержка сельского хозяйства в Республике Казахстан. Научный журнал «Вестник университета «Туран» № 4(96) 2022 г. С. 168-183.

2. Казахстан вошел в топ-10 мировых экспортеров подсолнечного масла. <https://inbusiness.kz/ru/news/kazakhstan-voshel-v-top-10-mirovyh-eksporterov-podsolnechnogo-masla> (дата обращения: 10.11.2025).

3. Казахстан находится на 14-м месте в мире по производству пшеницы. При этом РК теряет экспортные объёмы. <https://energy.kz/articles-ru/markets-ru/kazakhstan-nahoditsya-na-14-meste-v-mire-po-proizvodstvu-pshenicy-pri-etom-rk-teryaet-eksportnye-obyomy/> (дата обращения: 21.11.2025).

4. Почему аграрный рынок Казахстана привлекателен для инвесторов. https://rus.baq.kz/pochemu-agrarnyy-rynok-kazahstana-privlekatelen-dlya-investorov_300019850/ (дата обращения: 25.11.2025).

5. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifryk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957> (қаралған күні: 19.11.2025).

6. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы. ҚР Ұлттық Статистика бюросы. <https://taldau.stat.gov.kz/kk/NewIndex/GetIndex/701189?keyword=>

7. Kurmanova G.K., Wenland A., Omarov M.B. Digitalization and its impact on Land use in Rural Areas. Problems of AgriMarket, No. 1, 2025. pp. 123-133.

8. Maerdan B. Modernization of Kazakhstan's agro-industrial complex based on digitalization and ESG. Problems of AgriMarket, No. 2, 2025. pp. 217-225.

Аннотация

В статье рассматривается текущее состояние финансирования агропромышленного сектора в стране, различные меры государственной поддержки, а также общий объем производства сельскохозяйственной продукции. По результатам исследования установлено, что, несмотря на реализацию различных мер государственной поддержки и увеличение объема финансирования из года в год, агропромышленному сектору не удастся продемонстрировать значительный стабильный рост. Поэтому авторы предлагают необходимость внедрения современных технологий, повышения инновационной активности агропредприятий и максимальной цифровизации сектора для повышения эффективности отечественного агропромышленного сектора. В частности, особое внимание следует уделить цифровизации сектора финансирования. Цифровизация агрофинансирования обеспечит фермерам и представителям агробизнеса эффективный, открытый и быстрый доступ к финансовым ресурсам, т. е. кредитам, субсидиям, страхованию, грантам и т. д., посредством цифровых технологий. В исследовании использованы общенаучные методы анализа и синтеза, методы обобщения, сравнения и экспертной оценки результатов научных исследований. В результате, хотя цифровизация сельскохозяйственного финансирования не принесет значительной краткосрочной прибыли, она продемонстрирует свою эффективность в долгосрочной перспективе и окажет положительное влияние на развитие отечественного сельскохозяйственного сектора.

Abstract

This article examines the current state of financing for the agro-industrial sector in the country, various government support measures, and the overall volume of agricultural production. The study found that, despite the implementation of various government support measures and an increase in funding year after year, the agro-industrial sector has failed to demonstrate significant, stable growth. Therefore, the authors propose the need to implement modern technologies, increase the innovative activity of agricultural enterprises, and maximize the digitalization of the sector to improve the efficiency of the domestic agro-industrial sector. In particular, special attention should be paid to the digitalization of the financing sector. Digitalization of agrifinance will provide farmers and agribusiness representatives with efficient, open, and rapid access to financial resources, i.e., loans, subsidies, insurance, grants, etc., through digital technologies. The study utilized general scientific methods of analysis and synthesis, as well as methods of generalization, comparison, and expert evaluation of scientific research results. Consequently, although the digitalization of agricultural financing will not bring significant short-term profits, it will demonstrate its effectiveness in the long term and will have a positive impact on the development of the domestic agricultural sector.

Хат хабар алмасуға автор туралы мәлімет:

Пазиров Галимжан Абдирасулович. Тел. 8-707-773-60-96, pgalimjan@mail.ru